

**«Балаларды оңалту ұлттық орталығы» КЕАҚ-да
пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың болу регламенті**

1. Жалпы Ереже

1. «Балаларды оңалту ұлттық орталығы» КЕАҚ-да (бұдан әрі-Қоғам) пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың болу регламенті Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына, 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, саясатқа, Қоғам стандарттарына сәйкес әзірленген ішкі нормативтік құжат болып табылады.

1.2. Пациенттің болу регламенті (бұдан әрі-Регламент) пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың Қоғамда стационарлық немесе күндізгі болу жағдайында күтім жасау тәртібін айқындайды.

1.3. Регламентті әзірлеудің мақсаты пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың болу тәртібін стандарттау болып табылады.

1.4. Регламент пациенттермен байланыста болатын персоналға, сондай-ақ пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғаларға қолданылады.

1.5. Осы Регламентті сақтау міндетті болып табылады.

2. Қоғамда болу тәртібі:

2.1. Қабылдау, қызмет көрсету, медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша сұрақтар туындаған жағдайда пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалар бөлім меңгерушісіне, пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметі бөлімінің бастығына не QR арқылы немесе жазбаша түрде шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы жүгінуге құқылы. Қоғам басшылығына (Басқарма төрағасы мен мүшелеріне) жүгіну алдын ала жазылу бойынша қатаң түрде жүзеге асырылады.

2.2. Стационарға жату кезінде пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалар күн тәртібімен және осы Регламентпен танысады.

2.3. Пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалар стендтерде пациенттің/заңды өкілдің құқықтары мен міндеттерімен таныса алады, сондай-ақ әрбір палатада Пациенттерге арналған анықтамалықтар бар.

2.4. Қасында күтім жасайтын тұлға жоқ пациенттерден ұялы телефондар кешкі сағат 20:00-ден таңғы 08:00-ге дейін алынады, олар пост мейіргеріне қол қойып тапсырады және жабық шкафтарда сақталады.

2.5. Бос уақытта, Қоғамға кіре берісте, сабақтар мен емшараларға нұқсан келтірмей серуендеуге, пациенттерге туыстары мен таныстарының келуіне, сәлемдемелер қабылдауға рұқсат етілген. Шектеу шаралары мерзімін қоспағанда, жазғы уақытта сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін, қыста 10.00-ден 19.00-ге дейін.

2.6. Пациенттің бөлімнен өз бетінше кетіп қалған жағдайы Қоғам жауапты болмайтын тиісті салдарлары бар медициналық көмектен бас тарту ретінде бағаланады. Емдеу-қорғау режимін, медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды және қоғамдық құқықтық тәртіпті орындамай, Қоғамда болу қағидаларын бұзғаны үшін үзінді көшірмесінде жазылып, пациенттер стационардан мерзімінен бұрын шығарылады, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

2.7. ҚР 07.07.2020 жылғы № 360-VI ҚРЗ Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің 78-бабының 3-тармағына сәйкес бір жасқа дейінгі баласын емізетін ана медициналық ұйымда баланы күтіп-бағу үшін болған кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

2.8. 1 жастан асқан балаларға күтім жасайтын тұлғалар пациенттерге арналған асханада (2-3 қабат) ақылы негізде не қалауы бойынша бірінші қабаттағы кафетерийде баланы күтіп-бағу үшін болған кезеңде тамақтанады.

2.9. Күтім жасайтын тұлғаларға оңалту курсы 24 төсек/күнді құрайтынын және пациент емдеуден шығарылған күні күндізгі сағат 12-ге дейін қоғамнан шығу керек екені ескертілді.

3. 3. Пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың міндеттері:

1) пациенттің маршруттық парағына және Қоғамның құжаттамасына сәйкес белгіленген күн тәртібін сақтауға міндетті;

2) персоналға және басқа пациенттерге құрметпен қарауға;

3) бөлімге түскеннен кейін күтім жасайтын тұлғалар қажетті жеке заттарын қалдырып, чемодандарын /жол сөмкелерін сақтау камерасына тапсыруға міндетті;

4) Қоғам аумағында серуендеуге, пациенттер мен оларға күтім жасайтын тұлғалардың серуендеуі үшін белгіленген орындарда жүруге;

5) тоңазытқыштағы тамақтарға күнін көрсетіп белгілеуге. Балаларды емдеу-профилактикалық мекемелеріне әкелуге тыйым салынған өнімдер тізбесінен өнімдер болған кезде алып қойылады;

6) санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау, төсек орынды таза және ұқыпты ұстау, палатада тазалық пен тәртіпті сақтау, қол гигиенасын сақтауға;

7) Қоғамның жабдықтары мен мүкәммалына ұқыпты қарауға;

8) Пациенттердің кінәсінен болған жұмсақ керек-жарақтардың (төсек-орын жабдықтары, сүлгілер және т. б.), жиһаздың, жабдықтар мен мүкәммалдың бүлінуіне жауапты болуға, соңғысы заңнамаға сәйкес бүлінген заттың құны мөлшерінде материалдық жауапты болады;

9) балаға идентификациялау білезігін алған кезде оны шешпеуге, бүлінген кезде оны ауыстыру үшін мейіргерге хабарлауға міндетті.

4. Бұзушылық деп саналады:

1) персоналға дерекілік көрсету;

2) рұқсатсыз Орталықтан өз бетінше кету;

3) дәлелді себепсіз емшараға және түзету сабақтарына келмеуі немесе уақтылы келмеуі (кешігіп келуі);

4) дәрігердің талаптары мен ұсынымдарын сақтамау;

5) палатада электр жылыту аспаптарын пайдалану;

7) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235 - V⁰₃ ҚРК әкімшілік бұзушылықтар туралы Кодексіне, ҚР Конституциясының 18 бабына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің және басқа да адамдардың келісімінсіз оларға фото-және бейнетүсірілімін жүргізуге тыйым салынады, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 145-бап, № 1 тармақ, N 2.

8) бөлімде кір жуу.

5. Рұқсат етілмейді:

1) заттарды, телефондарды қараусыз қалдыруға, жеке заттардың жоғалуына Қоғам жауапты емес;

2) пациенттердің ауруларын айналасындағылармен талқылауға және емдеу бойынша ұсыныстар беруге;

3) басқа адамға күтім жасайтын тұлғадан көмек сұрауға.

6. Тыйым салынады:

1) темекі шегу, спирттік ішімдіктерді және қолдануға тыйым салынған басқа да препараттарды қолдануға;

2) карта ойындары және басқа құмар ойындарға;

3) шу шығару және қатты сөйлеу, балағат сөздерді қолдану, кешкі сағат 22:00-ден таңғы 07:00-ге дейін тыныштықты бұзуға;

4) терезенің алдындағы тақтайға шығып тұруға, отыруға, терезеден басын шығарып сөйлесуге, терезелерден қоқыс пен басқа заттарды лақтыруға;

5) баланы қараусыз қалдыруға.

6) оңалту курсы кезінде баланың ұялы телефонды пайдалануына тыйым салынады.

Мен оқығанымды, осы құжаттың барлық тармақтарымен танысқанымды және олармен келісетінімді өз қолыммен растаймын.

Қолы: _____

Пациенттің /пациенттің заңды өкілінің Т.А.Ә.)

«29» __07__2026__жыл _____ сағ. ____мин.

Дәрігер (Т.А.Ә., қолы): _____ Асылбекқызы А. _____

«29» __07__2026__жыл _____ сағ. ____мин.